

"Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 маусымдағы № 95-қ қаулысына өзгерістер енгізу турал

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 321-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 мамырда № 6300 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 19-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 14.02.2019 № 19-қ қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 маусымдағы № 95-қ қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5888 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 11 шілдеде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1, 2 және 3 – қосымшалары осы қаулының қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Р. Өтешовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

М. ОРАЗБАЕВ

"Арал құрылысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

_____ М. Құлмырзаев
"16" мамыр 2018 жыл

Қазақстан "Спартак" дене тәрбиесі-спорт қоғамы" Республикалық қоғамдық бірлестігінің Арал филиалының төрағасы

_____ Е. Айкешов
"16" мамыр 2018 жыл

"Кұланды" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

_____ Н. Глеуов
"16" мамыр 2018 жыл

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Құланды" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2	1

Арал ауданы әкімдігінің "16" мамыр 2018
жылғы № 321-қ қаулысына 2- қосымша
Арал ауданы әкімдігінің "13" маусым 2017
жылғы № 95-қ қаулысына 2- қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Арал құрылысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	56	2	1

Арал ауданы әкімдігінің "16" мамыр 2018
жылғы № 321-қ қаулысына 3- қосымша
Арал ауданы әкімдігінің "13" маусым 2017
жылғы № 95-қ қаулысына 3- қосымша

Ата-анасынан кәмілеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	Қазақстан "Спартак" дене тәрбиесі-спорт қоғамы Республикалық қоғамдық бірлестігі Арал филиалы	50	2	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК